**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі**

**ШҚО Білім басқармасы «Көлік колледжі» КМҚК**

«Бекітемін»
Көлік колледжінің директоры
_____________ А.С. Нугымаров
_____________ 2020 ж.

# «Жас сарбаз» әскери-спорттық патриоттық клубы туралы ЕРЕЖЕ

**Семей, 2020 ж.**

Автор:
Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы- запас капитаны Мақсутхан Жумашулы

Ереже АӘД және ДШ циклдық комиссия отырысында қаралды
2020 жылғы ___ қыркүйектегі ___ хаттама
ПЦК төрайымы____________________ Ж.Б. Дюсембаев

Келісілді:
ТІЖ директор орынбасары
________________А.М. Аубакирова
«_____»_____________2020 жыл

Келісілді:
«Семей өңірінің әскери-спорттық клубының федерациясы» Семей филиалының төрағасы
___________________С.А.Тусупов
«_____»_____________2020 жыл

## «Жас сарбаз» әскери- патриоттық клубы туралы
## ереже

### 1. Жалпы ереже

1.1 «Жас сарбаз» әскери-спорттық патриоттық клубы – ерікті бастамада негізделген қоғамдық бірлестігі болып табылады.

1.2 Клуб өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР Президентінің және Үкіметінің актілерін, заңнамалық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.3 Атауы: «Жас сарбаз» әскери-спорттық патриоттық клуб

1.4 Клубтың орналасқан жері: ШҚО, Семей қаласы, Қ. Мұхамедханов көшесі, 42

### 2. «Жас сарбаз» клубының мақсаты мен міндеттері

2.1 Мақсаты: Қазақстан жас азаматының патриоттық, физикалық, интелектуалды, рухани және оның лидерлік қасиеттерін дамытуға жағдай жасау.

2.2 Міндеттері: өскелең ұрпақтарды әскери қызметке дайындау және Қазақстандық әскерін құрметтеуге тәрбиелеу;

Отанға деген сүйіспешілікке, отаншылдыққа және азаматыққа тәрбиелеу;

Кәсіптік қажетті дағдылар мен икемдіктерін, конституциялық және әскери борышқа деген адалдықты қалыптастыру;

Балалар мен жасөспірімдердің физикалық және рухани-адамгершілікті дамыту;

Құндылық - бағытталған қасиеттерді жетілдіру, білім алушылардың өз ойын білдіруге және олардың шығармашылық белсенділігіне жағдай жасау.

### 3. Мәні мен мақсаттары

3.1 «Жас сарбаз» әскери-спорттық патриоттық клубы қызметінің мәні колледж студенттерін аға ұрпағы, ауған, Ұлы Отан Соғысына қатысқандардың жолында, Отанды сүю, отансүйгіштік бағыттында тәрбиелеу, ҚР Қарулы Күштерінде қызмет етуге даярлау болып табылады.

3.2 «Жас сарбаз» әскери-спорттық патриоттық клуб қызметінің мәнін іске асыру мақсатында АӘД терең оқытуға бағытталған іс-шараларды клубтың жұмыс жоспарына сәйкес өткізу.

3.3 Клуб жұмысы күндізгі уақытта, бос уақытта, сабақтан тыс бос уақытта жүзеге асырылады.

## 4. «Жас сарбаз» әскери-спорттық патриоттық клубының оқу – тәрбие үрдісі

4.1 Оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастыруы жұмыс жоспары негізінде құрылған.

4.2 «Жас сарбаз» әскери-спорттық патриоттық клубына ауызша ерікті өтініш түрінде қабылданады.

4.3 Клубтағы қатынас тілі ҚР Конституциясы мен қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді.

4.4 Клуб мүшелерінің саны 15-20 адам құрайды.

4.5 Клуб мүшелеріне жылына екі рет демалыс беріледі, олардың жалпы ұзақтығы оқу жоспарымен анықталады.

4.6 Жұмыс кезінде клуб мүшелерінің клуб қызметіне қатысты емес жұмыстарға көңіл аударуына рұқсат берілмейді.

4.7 Клуб мүшелерінің шығарылу мүмкін:

1. Өз еркімен
2. Басқа оқу орнына ауысуына байланысты
3. Академиялық үлгермеушілік
4. Оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін бұзу үшін

4.8 Клуб мүшелерінің құқығы:

1. Клубтың барлық іс-шараларына қатысу
2. Клуб жұмысын жақсарту бойынша өз ұсыныстарын енгізу.

4.9 Клуб мүшелері міндетті:

1. Белгіленген талаптарға сәйкес білім мен атқарушылық дағдыларды меңгеру.
2. Ішкі еңбек тәртібінің талаптарын сақтау
3. Колледж мүлігіне ұқыпты қарау
4. Клубтың басқа мүшелерінің абыройы мен адамгершілігін құрметтеу.

## 5. Клубты басқару

5.1 Клубты басқару жалпы дауыс беру арқылы демократикалық негізінде жүзеге асырылады.

«Жас сарбаз» клубының жетекшісі ____________ М.Жумашулы